

**«Дүниежүзі тарихы» пәнінен тоқсандық жиынтық бағалау  
спецификациясы**

**7-сынып**

ЖОБА

## МАЗМҰНЫ

|  |    |
|--|----|
| 1. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты.....   | 4  |
| 2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайдын құжаттар .....                         | 4  |
| 3. «Дүниежүзі тарихы» пәнінен күтілетін нәтижелер. ....                                    | 4  |
| 4. Ойлау дағдыларының деңгейі.....   | 5  |
| 5. Тоқсандарға ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды бөлу ..... | 6  |
| 6. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі .....  | 6  |
| 7. Модерация және балл қою .....   | 6  |
| 1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....                                       | 7  |
| 2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....                                       | 12 |
| 3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....                                       | 17 |
| 4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....                                       | 21 |

## 1. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында менгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу жоспарындағы тоқсан ішінде менгеруге тиісті оқу мақсаттарына жету деңгейін тексереді.

## 2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламасы

## 3. «Дүниежүзі тарихы» пәнінен күтілетін нәтижелер, 7 сынып.

***Білім алушы:***

**Білү:**

- дүниежүзі тарихы кезеңдерін;
- әлем тарихының орта ғасырдан бастап жаңа заманға дейінгі негізгі оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін;
- әлем тарихында маңызды рөл атқарған тарихи қайраткерлерді;
- тарихи даму барысында қалыптасқан әлемдік мәдениеттің маңызды жетістіктерін;
- тарих ғылымының базалық ұғымдарын; тарихи деректердің түрлерін.

**Түсіну:**

- орта ғасырлардағы дүниежүзі тарихының дамуының тұтастығы мен үздіксіздігін сипаттайтын негізгі оқиғалардың, құбылыстар мен процестердің мәнін;
- әлем елдерінің қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының сипатты белгілерін;
- заманауи қоғамдық процестердің тарихи шарттылығын, адамзаттың мәдени әртүрлілігін;
- әлем тарихындағы көрнекті тұлғалардың рөлі мен орнын.

**Колдану:**

- тарихи ойлау дағдыларын: өмірлік міндеттер мен мәселелерді шешу үшін;
- тарихи картадағы өзгерістерді, түрлі нысандардың орналасуын анықтау кезінде;
- тарихи тұлғаларды, оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді салыстыру кезінде;
- әлем елдерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын сипаттау кезінде;
- тарихи негізіне сүйене отырып, заманауи өмірдің құбылыстарына қатынасы бойынша өз ұстанымын анықтау кезінде;
- тарихи материалдармен жұмыс кезінде.

**Талдау:**

- себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді;
- жалпы сипатты белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып, елдердің тарихи дамуын;
- тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін;
- тарихи паралель өткізу жолымен әлемнің жекелеген мемлекеттерінің даму үрдістерін, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени процестерін;
- проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді;
- бір тарихи оқиғаларға, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды;
- түрлі таңбалы жүйеде (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ұсынылған ақпараттарды.

**Жинақтау:**

- жалпы занылыштарды анықтай отырып, тарихи құбылыстардың, процестердің сипатты белгілерін жіктеу, жүйелеу, жалпылау және саралау үшін түрлі дереккөздердегі ақпараттарды.

**Бағалау:**

- тарихи оқигаларды, процестерді, құбылыстарды, тұлғаларды әлемдік тарихқа ықпалы тұрғысынан бағалайды, оларды әртүрлі түсіндіруді;

- әртүрлі тарихи дереккөздердің анықтығын.

**4. Ойлау дағдыларының деңгейі**

| Ойлау<br>дағдыларының<br>деңгейі | Сипаттама  | Тапсырмалар<br>түрлері   |
|----------------------------------|--|--|
| Білу және түсіну                 | Рим империясының құлауы. Феодализм. «Феодализм» түсінігі. ислам тарихы. Ислам дінінің пайда болуы. 610 және 1258 жылдар. Крест жорықтарынан кейінгі христиандық Еуропа мен мұсылман әлемі. монголдар. Шыңғыс хан империясы. XIV ғасырдағы - XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам. Батыс пен Шығыстағы абсолютизм. Сауда, қолөнер және әлемді игеру. Ұлы Жібек жолы. Халықаралық сауда мен саяхаттар. Реформация. Реформация себептері мен оның Еуропа елдеріндегі таралуы. | КТБ - Көп таңдауы бар тапсырмалар<br>ҚЖ - Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар           |
| Көлдану                          | Феодалдық шаруашылық түрінің ерекшеліктерін анықтау; Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттау. Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау. Шығыс ойшылдары жетістіктерінің маңызын түсіндіру. Крест жорықтарының (1-4 крест жорықтары) себептері, барысы мен салдарын анықтау. Монгол империясының құрылудың себептерін сипаттау; Монголдардың әскери өнерін сипаттау; Еуразия этносаяси картасының қалыптасуына монгол шапқыншылықтарының әсерін анықтау.                   | ҚЖ - Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар<br>ТЖ - Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар |
| Жоғары деңгей<br>дағдылары       | Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтау. Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әртүрлі елдердің билеушілерінің қызметін салыстыру. Ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін түсіндіру. Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде жердің құрылышы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтау  | ҚЖ - Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар<br>ТЖ - Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар |

## **5. Тоқсандарға ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды бөлу**

| Тоқсан         | Білу және түсіну | Колдану    | Жоғары деңгей дағдылары |
|----------------|------------------|------------|-------------------------|
| I              | 20%              | 60%        | 20%                     |
| II             | 0                | 66%        | 34%                     |
| III            | 33%              | 34%        | 33%                     |
| IV             | 25%              | 50%        | 25%                     |
| <b>Барлығы</b> | <b>19%</b>       | <b>52%</b> | <b>29%</b>              |

## **6. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңдегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойыңыз.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталmas бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқауды оқып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығын хабарлаңыз. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығын ескеrtіңіз. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтыңыз.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орынданап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алушыларына және сөйлесулеріне болмайтындығын ескеrtіңіз.

Білім алушыларға дұрыс емес жаупты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сзызып қоюды ұсыныңыз.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарарапынан қойылған сұрақтарға жауп беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отырыңыз.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтініңіз.

## **7. Модерация және балл қою**

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірынғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс ұлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

**1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**  
**1 - тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу**

**Ұзақтығы** - 40 минут

**Балл саны** - 20 балл

**Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар: көп таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Берілген нұсқа көп жауапты таңдауы бар және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 5 тапсырмадан тұрады.

Көп жауапты таңдауы бар сұрақтарда білім алушылар ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрыссын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді.


Толық жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар берілген нақыл сөздерге қатысты өзінің түсінігін жазуы керек.

## **1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

| Бөлім                   | Тексерілетін мақсат  | Ойлау дағдыларының деңгейі | Тапсырма саны* | Тапсырма № * | Тапсырма түрі* | Орындау уақыты, мин* | Балл *    | Бөлім бойынша балл |
|-------------------------|--|----------------------------|----------------|--------------|----------------|----------------------|-----------|--------------------|
| Рим империясының құлауы | 6.3.2.3 Византияның ішкі саясатын сипаттаң, оның ұзак өмір сүруінің себептерін анықтау және жіктеу | Қолдану                    | 1              | 1            | ҚЖ             | 5                    | 3         | 3                  |
| Феодализм               | 6.1.1.1 Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттау   | Білу және түсіну           | 1              | 2            | ҚЖ             | 5                    | 3         | 7                  |
|                         | 6.1.2.1 Үстемдік етушілер мен бағыныштылардың (феодалдар мен шаруалардың) өзара қатынасын сипаттау | Қолдану                    | 1              | 3            | ҚЖ             | 8                    | 4         |                    |
| Ислам дінінің тарихы    | 6.2.2.4 Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау                                 | Қолдану                    | 1              | 4            | ҚЖ             | 12                   | 6         | 10                 |
|                         | 6.2.3.1 Шығыс ойшылдары жетістіктерінің маңызын түсіндіру  | Жоғары деңгей дағдылары    | 1              | 5            | ТЖ             | 10                   | 4         |                    |
| <b>Барлығы:</b>         |  | -                          | <b>5</b>       | -            | -              | <b>40</b>            | <b>20</b> | <b>20</b>          |

## «Дүниежүзі тарихы» пәнінен 1-тоқсан бойынша жыныстық бағалау тапсырмалары

1. Византияның ұзак өмір сүруінің себептерін анықтаңыз.



[3]

2. Төменде берілген оқиғадағы мәліметтерді талдаңыз, қойылған сұрақтарға жауап беріңіз.

*X ғасырдағы тарихи дерек көздерінен алған жазбада Вилли есімді шаруаның феодал қожайыннан алған жер үлесі болғаны айтылады. Бұл үшін Вилли аптасына 3 рет дайын отынды тасу, айна 7 рет қой бағу, қожайынның жерін өндөу, шөп шабу, иелігінде жұмыс істеуге міндетті болды.*

a) Виллидің қожайын (феодал) алдындағы міндеті қалай аталады?

---

b) Неліктен ол барлық жұмысты жасауға тиіс болды?

---

c) Феодалдық құрылыштың негізгі белгілерін атаңыз.

---

[3]

3. Вассал мен сеньордың міндеттерін анықтаңыз.

| <i>Сеньордың міндетті</i> | <i>Вассалдың міндетті</i> |
|---------------------------|---------------------------|
|                           |                           |
|                           |                           |

[4]

4. Ислам мәдениетінің басты жетістіктерін жазыңыз.

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.

[6]

**ЖОБА**

5. Шығыс ойшылдарының нақыл сөздерінің мағынасын түсіндіріңіз.

| <i>Шығыс<br/>ойшылдары</i> | <i>Нақыл сөздері</i>   | <i>Мағынасы</i> |
|----------------------------|--|-----------------|
| Әл-Бируни                  | «Нығметтің қадірі ол жоғалғанда білінеді»  |                 |
| Иbn Сина                   | «Қимыл көптеген дәрінің орнын басу мүмкін, бірақ бірде-бір дәрі қимылдың орнын баса алмайды» |                 |
| Әл-Хорезми                 | «Білім – сарқырама секілді, ол тоқтаса, жерге сіңіп, жоқ болады»                             |                 |
| Әл-Фараби                  | «Ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты»                |                 |

[4]

## Балл қою кестесі

| №                                    | Жауап  | Балл  | Қосымша мәлімет                                     |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
|--------------------------------------|--|---|---|----------------------------------|----------------------------|---|--|----------|---|---|------------|--|--|-----------|---|---|---|---|
| 1                                    | <pre> graph TD     A[Византия<br/>мемлекеттің ұзак<br/>өмір сүруінің<br/> себептері] --&gt; B[Юстиниан<br/>императордың мыкты<br/>білігі]     A --&gt; C[«Юстиниан кодексі»<br/>зандар жинағының<br/>болуы]     A --&gt; D[Императорды<br/>христиан шіркеуінің<br/>колдауы]   </pre>   | 3   | Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары қабылданады |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| 2                                    | а) барщина<br>б) шаруаның бағыныштылығы, жер үлесі өзінікі еместігін көрсетеді<br>с) жердің басты байлық көзі болуы  | 1<br>1<br>1   | Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары қабылданады |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| 3                                    | <table border="1"> <tr> <td><i>Сеньордың міндеті</i></td> <td><i>Вассалдың міндеті</i></td> </tr> <tr> <td>қызметі үшін жер телімдерін беру</td> <td>өз қожайына адаптация болу</td> </tr> <tr> <td>колдау мен корғауды қамтамасыз етеді</td> <td>ол үлкен ұлын рыцарь ретінде тағайындау уақытында, ақшалай көмек көрсетеді</td> </tr> </table>   | <i>Сеньордың міндеті</i>  | <i>Вассалдың міндеті</i>                            | қызметі үшін жер телімдерін беру | өз қожайына адаптация болу | колдау мен корғауды қамтамасыз етеді      | ол үлкен ұлын рыцарь ретінде тағайындау уақытында, ақшалай көмек көрсетеді     | 4        | Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары қабылданады   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| <i>Сеньордың міндеті</i>             | <i>Вассалдың міндеті</i>   |   |   |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| қызметі үшін жер телімдерін беру     | өз қожайына адаптация болу   |   |   |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| колдау мен корғауды қамтамасыз етеді | ол үлкен ұлын рыцарь ретінде тағайындау уақытында, ақшалай көмек көрсетеді   |   |   |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| 4                                    | 1. Мешіттер мен сарайлардың салынуы<br>2. Каллиграфияның (көркем жазу) енгізілуі<br>3. Арабесканың (курделі сәндік оюлардың) енユі<br>4. Омар Хайям мен Фирдоуси шығармалары<br>5. Араб цифры және нөл санының енユі<br>6. Жұлдызды аспан картасының пайда болуы   | 6   | Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары қабылданады |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| 5                                    | <table border="1"> <tr> <th><i>Шығыс ойшылдары</i></th> <th><i>Нақыл сөздері</i></th> <th><i>Магынасы</i></th> </tr> <tr> <td>Әл-Бируни</td> <td>«Нығметтің қадірі ол жоғалғанда білінеді»</td> <td>Қолда бар затты бағалау қажет. Оны қадірлеуге және қанағат тұтуға үйрену керек</td> </tr> <tr> <td>Ибн Сина</td> <td>«Қымыл көптеген дәрінің орнын басу мүмкін, бірақ бірдей бір дәрі қымылдың орнын баса алмайды»</td> <td>Ешбір қымбат дәрі-дәрмек дене қымылын алмастыра алмайды. Денсаулық мыкты болуы үшін дене қымылдарын үнемі жасаған дұрыс</td> </tr> <tr> <td>Әл-Хорезми</td> <td>«Білім – сарқырама секілді, ол тоқтаса, жерге сініп, жоқ болады»</td> <td>Адам өмір бойы окуга, үйренуге тырысуы қажет. Тек білім ғана адамды байытады</td> </tr> <tr> <td>Әл-Фараби</td> <td>«Ар-ојдан алдындағы адалдық ез қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты»</td> <td>Әрбір адам өзінің ар-ојданы алдында жауапты, өзінің ар-намысына нұқсан келетін іс-әрекеттен аулақ болуы қажет</td> </tr> </table> | <i>Шығыс ойшылдары</i>  | <i>Нақыл сөздері</i>                                | <i>Магынасы</i>                  | Әл-Бируни                  | «Нығметтің қадірі ол жоғалғанда білінеді» | Қолда бар затты бағалау қажет. Оны қадірлеуге және қанағат тұтуға үйрену керек | Ибн Сина | «Қымыл көптеген дәрінің орнын басу мүмкін, бірақ бірдей бір дәрі қымылдың орнын баса алмайды» | Ешбір қымбат дәрі-дәрмек дене қымылын алмастыра алмайды. Денсаулық мыкты болуы үшін дене қымылдарын үнемі жасаған дұрыс | Әл-Хорезми | «Білім – сарқырама секілді, ол тоқтаса, жерге сініп, жоқ болады» | Адам өмір бойы окуга, үйренуге тырысуы қажет. Тек білім ғана адамды байытады | Әл-Фараби | «Ар-ојдан алдындағы адалдық ез қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты» | Әрбір адам өзінің ар-ојданы алдында жауапты, өзінің ар-намысына нұқсан келетін іс-әрекеттен аулақ болуы қажет | 4 | Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары қабылданады |
| <i>Шығыс ойшылдары</i>               | <i>Нақыл сөздері</i>   | <i>Магынасы</i>   |   |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| Әл-Бируни                            | «Нығметтің қадірі ол жоғалғанда білінеді»  | Қолда бар затты бағалау қажет. Оны қадірлеуге және қанағат тұтуға үйрену керек  |   |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| Ибн Сина                             | «Қымыл көптеген дәрінің орнын басу мүмкін, бірақ бірдей бір дәрі қымылдың орнын баса алмайды»  | Ешбір қымбат дәрі-дәрмек дене қымылын алмастыра алмайды. Денсаулық мыкты болуы үшін дене қымылдарын үнемі жасаған дұрыс |   |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| Әл-Хорезми                           | «Білім – сарқырама секілді, ол тоқтаса, жерге сініп, жоқ болады»   | Адам өмір бойы окуга, үйренуге тырысуы қажет. Тек білім ғана адамды байытады  |   |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| Әл-Фараби                            | «Ар-ојдан алдындағы адалдық ез қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты»  | Әрбір адам өзінің ар-ојданы алдында жауапты, өзінің ар-намысына нұқсан келетін іс-әрекеттен аулақ болуы қажет           |   |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |
| <b>Жалпы балл</b>                    |  | <b>20</b>   |   |                                  |                            |   |  |          |   |   |            |  |  |           |   |   |   |   |

## ЖОБА

### **2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ** **2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу**

**Ұзақтығы** - 40 минут

**Балл саны** - 20 балл

#### **Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар: көп тандауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Берілген нұсқа көп тандауы бар және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 4 тапсырмадан тұрады.

Көп тандауы бар сұрақтарда білім алушылар ұсынылған жауап нұсқаларынан дүрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар картаны пайдалана отырып және өзінің алған білімдері негізінде толық сөйлеммен жауап жазады.

**2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

| Бөлім   | Тексерілетін мақсат   | Ойлау дағдыларының деңгейі | Тапсыр ма саны* | тапсырма № * | Тапсырма түрі* | Орындау уақыты, мин* | Балл *    | Бөлім бойынша балл |
|---|---|----------------------------|-----------------|--------------|----------------|----------------------|-----------|--------------------|
| Крест жорықтары   | 6.3.2.6 Картада оқиғаларды даму динамикасында белгілей отырып, 1-4 жорықтар мысалында крест жорықтарының себеп-салдарын анықтау | Қолдану                    | 1               | 1            | ҚЖ             | 8                    | 4         | 8                  |
|   |   |                            | 1               | 2            | ҚЖ             | 8                    | 4         |                    |
| Монголдар   | 6.3.2.5 Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтау                                  | Жоғары деңгей дағдылары    | 1               | 3            | ТЖ             | 12                   | 6         | 6                  |
| XIVғасыр-XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық Еуропалық қоғам | 6.3.1.4 Феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату                               | Қолдану                    | 1               | 4            | ҚЖ             | 12                   | 6         | 6                  |
| <b>Барлығы:</b>   |   | -                          | 4               | -            | -              | <b>40</b>            | <b>20</b> | <b>20</b>          |

**«Дүниежүзі тарихы» пәнінен 2-тоқсан бойынша  
жыныстық бағалау тапсырмалары**

1. Крест жорықтарының себептері мен салдарын жазыңыз.

| Крест жорықтары |            |
|-----------------|------------|
| Себептері       | Салдарлары |
|                 |            |
|                 |            |

[4]

2. Кескін картада 1-4 крест жорықтарының бағыттарын белгілеңіз.



[4]

3. XIII ғасырдағы монғол шапқыншылығы картасын пайдаланып, тапсырманы орындаңыз.

XIII ғасырда монғолдар жаулап алған мемлекеттерді жазыңыз. (2-ден кем емес)

|  |
|--|
|  |
|  |

[2]

Монголдардың женіске жетуінің басты құпияларын жазыңыз. (2-ден кем емес )

|  |
|--|
|  |
|  |


[2]

Монғолдардың жаулап алған халықтардың дамуына әсерін жазыңыз. (2-ден кем емес )

|  |
|--|
|  |
|  |

[2]

## ЖОБА



4. Феодалдық бытыраңқы және бір орталыққа бағынған мемлекеттерге тән белгілерді жазыңыз.

| <i>Феодалдық бытыраңқы мемлекет</i> | <i>Бір орталыққа бағынған мемлекет</i> |
|-------------------------------------|--|
| 1                                   | 1                                      |
| 2                                   | 2                                      |
| 3                                   | 3                                      |

[6]

ЖОБА

**Балл қою кестесі**

| Тапсырма №                                       | Жауап   |   | Балл  | Қосымша мәлімет |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
|--|---|---|---|-----------------|------------------|-------------------|--|---|-------------------------------------|--|---|---|
| 1  | <table border="1"> <thead> <tr> <th colspan="2"><i>Крест жорықтары</i></th> </tr> <tr> <th><i>Себептері</i></th> <th><i>Салдарлары</i></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Қасиетті жерді мұсылмандардың билігінен азат ету</td><td>Жазықсыз адамдардар зардал шекті. Көптеген адамдар қаза тапты</td></tr> <tr> <td>II Урбан папаның Клермондағы үндеуі</td><td>Көптеген қалалар мен мәдениет ошактары талқандалды</td></tr> </tbody> </table>  |   | <i>Крест жорықтары</i>                              |                 | <i>Себептері</i> | <i>Салдарлары</i> | Қасиетті жерді мұсылмандардың билігінен азат ету | Жазықсыз адамдардар зардал шекті. Көптеген адамдар қаза тапты | II Урбан папаның Клермондағы үндеуі | Көптеген қалалар мен мәдениет ошактары талқандалды | 4 | Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары қабылданады |
| <i>Крест жорықтары</i>                           |   |   |   |                 |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
| <i>Себептері</i>                                 | <i>Салдарлары</i>   |   |   |                 |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
| Қасиетті жерді мұсылмандардың билігінен азат ету | Жазықсыз адамдардар зардал шекті. Көптеген адамдар қаза тапты   |   |   |                 |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
| II Урбан папаның Клермондағы үндеуі              | Көптеген қалалар мен мәдениет ошактары талқандалды  |   |   |                 |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
| 2  | <p>The map illustrates the routes of the Eight Crusades across Europe and the Mediterranean. It shows the coastlines and major cities of the period. The crusade routes are color-coded according to their year: First (red), Second (yellow), Third (black), Fourth (dark grey), Fifth (dotted red), Sixth (dashed blue), Seventh (dotted yellow), and Eighth (orange). The map also indicates the boundaries of the Holy Roman Empire (light green) and the Seljuk Sultanate of Rum (dark green).</p> |   | 4   |                 |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
| 3  | <p>Солтүстік Қытай, Орта Азия</p> <p>Бір орталықта бағынған мемлекет<br/>Ойластырылған әскери тактика мен стратегия</p> <p>Көпжылдық үстемдігі осы аумақ шаруашылығының құлдырауына, мәдениеттің күйреуіне әкелді.<br/>Монгол-татар басқыншылары феодалдық қатынастардың дамуына кері әсерін тигізді.</p>   | 2   | Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары қабылданады |                 |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
| 4  | <p><i>Феодалдық бытыранқы мемлекет</i></p> <p>Король тек өзінің жеке иеліктерінен ғана салық жинайды</p> <p>Ірі феодалдар мемлекеттен бөлініп шығуға тырысып, камалдар тұрғызады</p> <p>«Сеньорсыз жер жок»</p>   | <p><i>Bіr орталықта бағынған мемлекет</i></p> <p>Король барлық мемлекеттен салық жинайды</p> <p>Барлық мемлекет үшін бір зан болады</p> <p>Барлық тұрғындар үшін бірдей салықтар қарастырылған.</p> | 6   |                 |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
|  |   |   |   |                 |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
|  |   |   |   |                 |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
|  |   |   |   |                 |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |
| <b>Жалпы балл</b>                                |   |   |   | <b>20</b>       |                  |                   |  |   |                                     |  |   |   |

## **3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

### **3-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу**

**Ұзақтығы** - 40 минут

**Балл саны** - 20 балл

#### **Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар: көп тандауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Берілген нұсқа көп тандауы бар және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 3 тапсырмадан тұрады.

Көп тандауы бар сұрақтарда білім алушылар ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар берілген критерийлер негізінде толық сөйлеммен эссе жазады.

## **З-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

| Бөлім                            | Тексерілетін мақсат   | Ойлау дағдыларының деңгейі | Тапсырма саны* | тапсырма № | Тапсырма түрі* | Орындау уақыты, мин* | Балл*     | Бөлім бойынша балл |
|----------------------------------|---|----------------------------|----------------|------------|----------------|----------------------|-----------|--------------------|
| Абсолютизм:<br>Батыс пен Шығыс   | 6.3.1.6 «Парламент», «Бас штаттар», «сейм», «кортес», «Боярлар Думасы» ұғымдарын түсіндіру            | Білу және түсіну           | 1              | 1          | КТБ            | 10                   | 5         | 14                 |
|                                  | 6.3.1.5 Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әртүрлі елдердің билеушілерінің қызметін салыстыру | Қолдану                    | 1              | 2          | КЖ             | 18                   | 9         |                    |
| Сауда, қолөнер және әлемді игеру | 6.4.1.2 Ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың ролін түсіндіру                           | Жоғары деңгей дағдылары    | 1              | 3          | КЖ             | 12                   | 6         | 6                  |
| <b>Барлығы:</b>                  |   | -                          | <b>3</b>       | -          | -              | <b>40</b>            | <b>20</b> | <b>20</b>          |

**«Дүниежүзі тарихы» пәнінен 3-тоқсан бойынша  
жыныстық бағалау тапсырмалары**

1. Басқару формалары мен мемлекеттерді сәйкестендіріңіз.

| <i>№</i> | <i>Басқару формалары</i> | <i>№</i> | <i>Мемлекеттер</i> |
|----------|--------------------------|----------|--------------------|
| 1        | Бас штаттар              | A        | Испания            |
| 2        | Парламент                | B        | Франция            |
| 3        | Кортес                   | C        | Чехия и Польша     |
| 4        | Сейм                     | D        | Англия             |
| 5        | Боярлық Дума             | E        | Россия             |

*Жауаптары:*

|    |    |    |    |    |
|----|----|----|----|----|
| 1- | 2- | 3- | 4- | 5- |
|----|----|----|----|----|

[5]

2. Кестеде монархтардың мемлекетті басқарудағы қызметтерін салыстырып, қызметтерінің ортақ тұстарын анықтаңыз.

| <i>Монархтардың қызметіндегі ерекшеліктер</i> |                    |
|---|--------------------|
| <i>I Петр</i>                                 | <i>XIY Людовик</i> |
| 1   | 1                  |
| 2   | 2                  |
| 3   | 3                  |

| <i>Монархтардың қызметіндегі үқасстықтар</i> |   |
|--|---|
| 1  | 2 |
| 1  |   |
| 2  |   |
| 3  |   |

[9]

3. «Ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың ролі» тақырыбында эссе жазыңыз.

Критерийлер:

- Ұлы Жібек жолының ортағасырдағы ролін жазу
- Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнына тоқталу
- Ұлы географиялық ашуулардың ортағасырдағы ролін жазу
- Ұлы географиялық ашуулардан кейінгі әлемдегі өзгерістерге тоқталу
- Қазіргі таңдағы сауда мен саяхаттардың маңызына тоқталу
- Қорытынды жазу

[6]

ЖОБА

**Балл қою кестесі**

| Тапсырм<br>а №  | Жауап   | Бал<br>л                               | Қосымша мәлімет  |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |
|---|---|--|--|---------------|--------------------|------------------------------|-----------------------------|---|-------------------------------------|---|--|---------------------------------------|--|------------------------------|---------------------------------------|----------------------------------|--|---|---|
| 1   | 1 В<br>2 D<br>3 A<br>4 C<br>5 E   | 5                                      |  |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |
| 2   | <table border="1"> <thead> <tr> <th colspan="2">Монархтардың қызметіндегі ерекшеліктер</th> </tr> <tr> <th><i>I Петр</i></th> <th><i>XIY Людовик</i></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1. Петергоф сарайын салғызды</td> <td>1. Версаль сарайын салғызды</td> </tr> <tr> <td>2. Ресейді империяға айналдырып, өзі «император» атанды</td> <td>2. «Күн королі» деген атқа ие болды</td> </tr> <tr> <td>3. Санкт-Петербург қаласының негізін қалады</td> <td>3. «Мемлекет-мен!» деген тұсінікті үстанды</td> </tr> </tbody> </table> <table border="1"> <thead> <tr> <th colspan="2">Монархтардың қызметіндегі ұқсастықтар</th> </tr> <tr> <th>1. Абсолютті монархтар болды</th> <th>2. Мәдениеттің дамуына зор үлес косты</th> </tr> <tr> <th>3. Абсолютті монархтарға айналды</th> <th></th> </tr> </thead> </table> | Монархтардың қызметіндегі ерекшеліктер |  | <i>I Петр</i> | <i>XIY Людовик</i> | 1. Петергоф сарайын салғызды | 1. Версаль сарайын салғызды | 2. Ресейді империяға айналдырып, өзі «император» атанды | 2. «Күн королі» деген атқа ие болды | 3. Санкт-Петербург қаласының негізін қалады | 3. «Мемлекет-мен!» деген тұсінікті үстанды | Монархтардың қызметіндегі ұқсастықтар |  | 1. Абсолютті монархтар болды | 2. Мәдениеттің дамуына зор үлес косты | 3. Абсолютті монархтарға айналды |  | 9 | Білім алушының дұрыс басқа да жауаптары қабылданады |
| Монархтардың қызметіндегі ерекшеліктер                  |   |  |  |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |
| <i>I Петр</i>   | <i>XIY Людовик</i>  |  |  |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |
| 1. Петергоф сарайын салғызды                            | 1. Версаль сарайын салғызды   |  |  |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |
| 2. Ресейді империяға айналдырып, өзі «император» атанды | 2. «Күн королі» деген атқа ие болды   |  |  |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |
| 3. Санкт-Петербург қаласының негізін қалады             | 3. «Мемлекет-мен!» деген тұсінікті үстанды  |  |  |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |
| Монархтардың қызметіндегі ұқсастықтар                   |   |  |  |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |
| 1. Абсолютті монархтар болды                            | 2. Мәдениеттің дамуына зор үлес косты   |  |  |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |
| 3. Абсолютті монархтарға айналды                        |   |  |  |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |
| 3   | <p>Ортағасырлар кезеңі жаңалықтарға толы болды. Оның ішінде ең маңыздылары: Ұлы Жібек жолы мен географиялық ашуулар болды. Ұлы Жібек жолы Батыс пен Шығысты байланыстырып, өркениеттердің араласуына әкелді. Халықаралық сауда жанданып, мәдени байланыстарға жол ашылды.</p> <p>Ұлы географиялық ашуулар жаңа жерлердің ашылуына жол ашып, халықаралық байланысты дамытты. Алайда географиялық ашуулардың жағымсыз тұстары да орын алды. Өйткені көптеген көне өркениеттердің талқанданып, халықтардың жойылуына әкелді.</p> <p>Казіргі танда да ортағасырлардагыдай сауда мен саяхаттардың орны ерекше. Халықаралық сауда негізінде көптеген мемлекеттер өз экономикасын дамытып, мәдени байланыстар қайта жаңғыруда. Адамзат үшін әрқашан сауда мен саяхат маңызды болып қала береді.</p>                            | 6                                      | <p>Ұлы Жібек жолының ортағасырдағы ролін жазу-1 балл;</p> <p>Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнына тоқталу-1 балл;</p> <p>Ұлы географиялық ашуулардың ортағасырдағы ролін жазу-1 балл;</p> <p>Ұлы географиялық ашуулардан кейінгі әлемдегі өзгерістерге тоқталу-1 балл;</p> <p>Казіргі таңдағы сауда мен саяхаттардың маңызына тоқталу-1 балл;</p> <p>Корытынды жазу - 1балл.</p> <p>білім алушының дұрыс басқа да жауаптары қабылданады</p> |               |                    |                              |                             |   |                                     |   |  |                                       |  |                              |                                       |                                  |  |   |   |

Жалпы балл

20

## 4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

### 4 - тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

**Ұзақтығы** - 40 минут

**Балл саны** - 20 балл

#### **Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар: көп тандауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады.

Берілген нұсқа көп тандауы бар және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 4 тапсырмадан тұрады.

Көп тандауы бар сұрақтарда білім алушылар ұсынылған жауап нұсқаларының дұрысын таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді.


Толық жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар жаратылыстану саласы бойынша ғалымдардың пікірлеріне талдау жасайды.

**4-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы**

| Бөлім              | Тексерілетін мақсат  | Ойлау дағдыларының деңгейі | Тапсырма саны* | тапсырма* № | Тапсыр ма түрі* | Орындау уақыты, мин* | Балл * | Бөлім бойынша балл |
|--------------------|--|----------------------------|----------------|-------------|-----------------|----------------------|--------|--------------------|
| Қайта Өрлеу дәуірі | 6.2.2.3 Антикалық мәдениетпен байланыс орнату арқылы Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетін (бейнелеу, мұсін өнері) сипаттау   | Колдану                    | 1              | 1           | ҚЖ              | 7                    | 3      | 7                  |
|                    | 6.2.2.4 Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау   | Колдану                    | 1              | 2           | ҚЖ              | 8                    | 4      |                    |
| Реформация         | 6.2.1.2 Тарихи процестердің контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютерандық», «кальвинизм», «контрреформация», «кезуиттер ордені» түсіндіру    | Білу және түсіну           | 1              | 3           | КТБ             | 10                   | 7      | 7                  |
| Ғылыми революция   | 6.2.4.2 Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі ортағасырлар кезеңінде жердің құрылышы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтау | Жоғарғы деңгей дағдылары   | 1              | 4           | ТЖ              | 15                   | 6      | 6                  |
| <b>Барлығы:</b>    |  | -                          | 4              | -           | -               | 40                   | 20     | 20                 |

**«Дүниежүзі тарихы» пәнінен 4-тоқсан бойынша  
жыныстық бағалау тапсырмалары**

1. Суреттерді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.



а-сурет қай кезенде салынған? \_\_\_\_\_

[1]

б- сурет қай кезенде салынған? \_\_\_\_\_

[1]

Осы уақыт аралықтарында көркем сурет өнерінде қандай өзгерістер болды?

[1]

2. Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.

|   |  |  |  |
|---|--|--|--|
| 1 |  |  |  |
| 2 |  |  |  |
| 3 |  |  |  |
| 4 |  |  |  |

[4]

3. Берілген ұғымдарды сипаттамасымен сәйкестендіріңіз.

| № | Ұғымдар         | № | Сипаттамасы  |
|---|-----------------|---|--|
| 1 | Реформация      | A | адами құндылықтарды жоғары қою   |
| 2 | Протестантизм   | B | бір орталықтан басқарылатын, қатал тәртіпке негізделген, басшыларға сөзсіз бас июді талап ететін діни ұйым                         |
| 3 | Лютерандық      | C | XVI-XVII ғасырларда Еуропаны қамтыған реформация қозғалысына қарсы қозғалыс  |
| 4 | Контрреформация | D | христиан дініндегі протестанттық ағымдардың бірі. XVI ғасырда Германияда реформация қозғалысының нәтижесінде пайда болды           |
| 5 | Иезуиттік орден | E | римдік католицизм және Шығыс Ортодоксалдық шіркеумен бірге христиан әлемінің басты бөлімшелерінің бірі болып табылады              |
| 6 | Гуманизм        | F | Германиядағы католиктік шіркеудің халық тарарапынан тоналуына қарсы қозғалыс   |
| 7 | Кальвинизм      | G | XVI ғ. реформацияның нәтижесінде Жан Кальвин негізін қалаған протестанттық діни ілім. Ол өмір сүрудің тақуалық принципін негіздеді |

## ЖОБА

Жауаптары:

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
|   |   |   |   |   |   |   |

[7]

4. Жаратылыстану саласы бойынша ғалымдардың пікірлеріне талдау жасаңыз.

Галилео Галилей: «Мен біздің гасырымызда астрономия туралы базарларда айтылатындығын көремін. Екі мың жыл бірқатар елдер Күн және өзге де аспан денелерінің біздің Жердің төңірегінде айналатындығына сенди. Ұлы мақсат туынады, адамдар өмірдегі барлық заттың себебін түсінгісі келеді...»

Николай Коперник: «Жер, аспан өрісінің бір бөлігі болғандықтан, оның табиғаты мен қозғалысына ие бола отырып, орталыққа жақын орналасуы себепті, аз қозғалады. Күн – галамның ортасы, ал жер оның маңында айналады. ...»

Әбу Райхан әл-Бируни: «Жер домалақ және ол айнала қозғалуда, жердің тартаулыс күші бар. Сонымен қатар, жердің диаметрін де дәлме-дәл өлишеуге болады. Менің мақсатым: жер меридианы градусы ұзындығын қайта өлишеу жоспары. Әртүрлі өлишеулердің айырмашылығын ойлан, салыстырып бас қатырғанша, жаңа өлишеу жүргізіп, бақылау көп тиімді. Мен ақиқаттың айналасынан шықпауга тырыстым. ...»

| P/c | Ғалымдардың аттары   | Пікірлерінің мазмұны | Ғылымға қосқан маңызы |
|-----|----------------------|----------------------|-----------------------|
| 1.  | Галилео Галилей      |                      |                       |
| 2.  | Николай Коперник     |                      |                       |
| 3.  | Әбу Райхан әл-Бируни |                      |                       |

[6]

**Балл қою кестесі**

| <b>Тапсырма №</b> | <b>Жауап</b>   | <b>Балл</b>                | <b>Қосымша мәлімет</b>  |
|-------------------|--|----------------------------|---|
| 1                 | a-Ортагасырлар кезеңі<br>b-Қайта өрлеу кезеңі<br>сурет түстерінің қанық болуы, шынайылықтың басым болуы, құдайлардың бейнесін салудағы өзгерістер, адамдардың басты тақырыпта болуы;   | 1<br>1<br>1                | Оқушының басқа да дұрыс жауаптары қабылданады                         |
| 2                 | 1. Самарканд Ұлықбектің басқару кезінде астана болып, мәдениет және архитектура орталығына айналды.<br>2. XV ғасыр аяғындағы-XVI ғасыр басындағы, ұлы ойшыл, Орта Азия ақыны Әлішер Науай, «Екі тіл бәсекелестігі» атты еңбегіндегі өзінің трактатында, тілдердің мәдени маңыздылығын, оның байлығы мен мүмкіндіктерін теориялық түрғыда дәлелдей берді<br>3. XVI ғасырдағы Орта Азияның ең керемет әдеби дәстүрінің жалғастыруышы Бабыр болды.<br>4. Оның ұлы еңбегі «Бабыр-нама» өміrbаян шығармашылығында жазылған ең алғашқы әдебиет үлгілеріне жатқызылады.   | 4                          |   |
| 3                 | 1-F<br>2-E<br>3-D<br>4-C<br>5-B<br>6-A<br>7-G  | 7                          |   |
| 4                 | Галилей өз пікірінде адамдардың астрономия туралы түсініктерінің кеңеңе бастағаны туралы пікір білдіреді<br><br>Галилей пікірінде аспан денелері қозғалысын зерттеуде астрономияғының қосатын үлесін, маңызын қарастырады.<br><br>Николай Коперник айтқан пікірінде Жер Галактиканың маңызды бір ғаламшары екенін баяндайды<br><br>Николай Коперник жердің Күнді айналатындығын дәлелдеу арқылы ғылымға зор үлес қосқан<br><br>Әбу Райхан әл-Бирунидің айтқан пікірінде жер меридианы градусы ұзындығын қайта өлшеу жоспары өзінің зерттеу мақсаты екенін түсіндіреді<br><br>Әбу Райхан әл-Бируни жер меридианы градусын өлшеу арқылы гелиоцентрлік жүйе және жердің тартылыс күші туралы болжам жасап, ғылыми маңызы зор жаңалық жасайды. | 1<br>1<br>1<br>1<br>1<br>1 | Оқушының сұрақтың мазмұнына сәйкес және ықтимал жауаптары қабылданады |
| <b>Жалпы балл</b> |  | <b>20</b>                  |   |